- директива по экологическому проектированию 2009/125/ЕС,
- требование „о безопасности низковольтного оборудования” ТР ТС 004/2011,
- требование „электромагнитная совместимость технических средств” ТР ТС 020/2011

Прибор маркируется единым знаком обращения **EAC**, и на него выдан сертификат соответствия для предъявления в органы контроля за рынком.

Құрметті Тұтынушы,

Бүгіннен бастап күнделікті міндеттер анағұрлым жеңілденетін болады.  **Hansa** Haushaltsgeräte құрылғысы – бұл айтарлықтай оңай пайдалану мен керемет тиімділіктің үйлесімі. Нұсқаулықты оқып шыққаннан кейін қызмет көрсету еш қиындық тудырмайды.

Зауыттан шығарылған жабдық қапталар алдында бақылау-сынау стендтерінде қауіпсіздік және атқарымдылық тұрғысынан мұқият тексерілді .

Дұрыс қызмет көрсетпеуінің алдын алу үшін ас үй сорғышын қосар алдында аталмыш пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият оқып танысу керек. Нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларды сақтау Сіздің плитаны дұрыс пайдаланбауыңыздың алдын алады. Нұсқаулықты сақтаған дұрыс және оны әрдайым қоластында болатын орындарда ұстаған жөн.

**Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін,
жұмысты нұсқаулық бойынша бастаңыз.**

Құрметпен

 **Hansa**
Haushaltsgeräte

ҚОЛДАНУ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕСТЕР

- Құрылғы тек тұрмыстық мақсатта ғана қолдануға арналған.
- Өндіруші құрылғы құрылымына қызметіне әсер етпейтін өзгерістерді енгізуге құқылы.
- Аталмыш нұсқаулықтағы кейбір ескертулер мұздатқыш өнімдердің әр алуан түрлері үшін (тоңазытқыштар, тоңазытқыш-мұздатқыштар немесе мұздатқыштар) бірыңғайланған. Сіздің құрылғыңыздың типі туралы ақпарат өніммен бірге жеткізілетін өнім төлқұжатында жазылған.
- Өндіруші осы нұсқаулықта берілген кеңестерді сақтамаған-ның себебінен туындаған зақымдануларға жауап бермейді.
- Нұсқаулықты келешекте қолдану немесе келесі ықтимал пайдаланушыға беру мақсатында осы нұсқаулықты сақтап қойған жөн.
- Осы құрылғы шектеулі дене, сипап-сезу немесе оқыл-ой қабілеттіліктері бар тұлғалармен (соның ішінде балалармен), сонымен қатар құрылғыға қатысты жеткіліксіз тәжірибесі немесе білімі бар тұлғалармен де қолдану үшін арналмаған, бірақ олардың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғалармен берілген құрылғының қызмет көрсету нұсқаулығына сәйкес немесе олардың қадағалауымен қолдану рұқсат етіледі.
- Қараусыз қалдырылған балалардың қондырғыны қолданбауына аса назар аударған жөн. Оларға қондырғымен ойнауына рұқсат етпеген жөн. Олар жылжымалы элементтерге отырмауы және есіктерге асылмауы қажет.
- Тоңазытқыш аспаптың техникалық ерекшелігінің кестесінде көрсетілген қоршаған орта температурасында жұмыс істеуге арналған.

Оны күзде және қыста жылытылмайтын жертөледе, ауыз үйде, саяжайдағы үйде қолдан-баған жөн.

- Орнату, жылжыту, көтеру бары-сында есіктің тұтқасынан ұстамау, тоңазытқыштың артындағы кон-денсаторды тартпау, сонымен қатар, компрессор жүйесіне қол тигізбеу қажет.
- Тасымалдау, орын ауыстыру немесе орнату барысында тоңазытқыш-мұздатқышты жазықтыққа қатысты 40° -тан артық еңкейтуге болмайды. Егер осындай жағдай орын алса, қондырғыны орнатып болған соң, оны тек 2 сағаттан кейін ғана қосқан жөн (2 сурет).
- Әр техникалық қызмет көрсету алдында ашаны желілік розет-кадан ажыратқан жөн. Баусымды тартуға болмайды, ашаның тұрқынан тарту қажет.
- Сатыр-сұтырға немесе жарыл-ғанға ұқсас дыбыстар темпера-тура өзгерістерінің нәтижесінде бөліктердің кеңейтілуінен және тарылуынан туындайды.
- Қауіпсіздік туралы қам жей отырып, қондырғыны өз бетінше жөндемеген жөн. Талап етілетін біліктілігі жоқ тұлғалармен жүргізілген жөндеулер қондырғының пайдаланушысы үшін қауіп-қатерлер тудыруы мүмкін.
- Тоңазытқыш жүйе зақымданған жағдайда, құрылғы орналасқан бөлмені бірнеше минут бойы желдеткен жөн (бөлме, ең кем дегенде 4 м^3 болуы қажет; изобу-таны/R600a бар бұйымдар үшін)
- Тіпті, ішінара жібітілген өнімдерді қайта мұздатуға болмайды.
- Бөтелкелердегі және банкілердегі сусындарды, әсіресе, көмірқыш-қыл газбен газдалған сусындарды мұздатқыш камерасында сақтауға болмайды. Банкілер мен бөтел-келер жарылуы мүмкін.
- Мұздатылған өнімдерді (балмұз-дақ, мұз және т.б.) мұздатқыштан алғаннан кейін бірден ауызға салуға болмайды, олардың төмен

температурасы аузыңызды үсітіп жіберуі мүмкін.

- Мысалы, буландырғышта мұз-датқыш заттың сымын тесу, түтікті сындыру арқылы, тоңазытқыш пішінін зақымдап алмау үшін мұқият болған жөн. Шашырайтын мұздатқыш зат жанғыш болып табылады. Көзге тиген жағдайда, таза сумен шайып, тез арада дәрігерге көрінген жөн.
- Электрлік сымында ақау болған жағдайда оны тек арнайы маманданған жөндеу шеберханасында алмастыру керек.
- Құрылғы тағам өнімдерін сақтау үшін пайдаланылады, оны басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз.
- Тазалау, техникалық қызмет көрсету немесе орнатылған орның өзгерту кезінде құрылғы қорек көзінен (айырды желі розеткасынан суыру) толық ажыратылу керек
- Осы құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар, сонымен қатар шектеулі дене, сипап-сезу және ақыл-ой қабілеттері бар адамдар, жабдықты қолдануға тәжірибесі және білімі жоқ адамдар, егер олар үздіксіз бақылауда болған жағдайда немесе жабдықты қауіпсіз қолдану бойынша нұсқаулар алған және осы құрылғыны пайдаланумен байланысты ықтимал қауіптілік туралы құлақтандырылған жағдайда ғана, қолдануға болады. Балаларға аспаппен ойнауға болмайды. 8 жасқа дейінгі балаларға және құзыретті тұлғаның бақылауысыз аспапты тазалауға және оған техникалық қызмет көрсетуге болмайды.
- Тоңазыту камерасында көбірек орын алу үшін, жәшіктерді алып шығарып, азық-түлікті тікелей сөрелердің үстіне қоя аласыз. Бұдан құрылғының жылулық және механикалық сипаттамаларына еш әсері тимейді. Тоңазыту камерасының мәлімделген қуаты алып шығарылған жәшіктермен есептелген.



ЕСКЕРТУ: Өртену қаупі / жанғыш материалдар

- 3-тен 8 жасқа дейінгі балалар тоңазыту қондырғысынан азық-түлікті салып, шығара алады.

Тағамның ластануын болдырмау үшін, келесі ережелерді сақтаңыз:

- Ұзақ уақыт бойы есіктерді ашық күйде ұстау қондырғының камераларында температураның айтарлықтай артуына әкелуі мүмкін.
- Тамақ өнімдерімен жанасатын үстіңгі беттерді үнемі тазалап отырыңыз және судың болуына байланысты, оны бұру жүйесі бар.
- Шикі ет пен балықты, басқа азық-түлікпен жанаспайтындай және олардан басқа өнімдерге тамшы тамбайтындай, тиісті контейнерлерде тоңазытқышта сақтаңыз.
- Екі жұлдызшасы бар мұздатқыш камералар ертеректе мұздатылған азық-түлікті сақтауға, балмұздақты сақтау немесе мұздату және мұз текшелерін мұздату үшін пайдаланылады.
- Бір, екі және үш жұлдызшалары бар камералар балғын азық-түлікті мұздатуға арналмаған.

	Камералардың түрлері	Сақтаудың талдап етілетін температурасы [°C]	Тиісті азық-түлік
1	Тоңазытқыш	+2≤+8	Жұмыртқа, пісірілген өнімдер, өлшеп оралған азық-түлік, жемістер мен көкөністер, сүт өнімдері, пісірмелер, сусындар және мұздатуға арналмаған басқа да азық-түлік.
2	Мұздатқыш 	≤-18	Теңіз өнімдері (балық, ашшаяндар, мидиялар), тұщы су және ет өнімдері (3 ай сақтау ұсынылады, сақтау мерзімі қаншалықты ұзағырақ болса, азық-түліктің дәмділігі соғұрлым төмен болады) мұздатылған балғын өнімдер үшін жарамды.

3	Мұздатқыш ***	≤ -18	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, мидиялар), тұщы су және ет өнімдері (3 ай сақтау ұсынылады, сақтау мерзімі қаншалықты ұзағырақ болса, азық-түліктің дәмділігі мен нәрлілігі соғұрлым төмен болады) мұздатылған балғын өнімдер үшін жарамсыз.
4	Мұздатқыш **	≤ -12	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, мидиялар), тұщы су және ет өнімдері (2 ай сақтау ұсынылады, сақтау мерзімі қаншалықты ұзағырақ болса, азық-түліктің дәмділігі мен нәрлілігі соғұрлым төмен болады) мұздатылған балғын өнімдер үшін жарамсыз.
5	Мұздатқыш *	≤ -6	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, мидиялар), тұщы су және ет өнімдері (1 ай сақтау ұсынылады, сақтау мерзімі қаншалықты ұзағырақ болса, азық-түліктің дәмділігі мен нәрлілігі соғұрлым төмен болады) мұздатылған балғын өнімдер үшін жарамсыз.
6	Жұлдызшалары жоқ камера	$-6 \leq 0$	Балғын шошқа еті, сиыр еті, балық, тауық еті, кейбір оралған жартылай фабрикаттар және т.б. (сол күні қолдануға ұсынылады, ең көп дегенде 3 күн). Ішінара оралған жартылай фабрикаттар (мұздатуға арналмаған азық-түлік)
7	Алдын ала салқындату камерасы	$2 \leq +3$	Балғын/мұздатылған шошқа еті, сиыр еті, тауық еті, тұщы су өнімдері және т.с.с. (7 күн 0°C -тан төмен, 0°C -ден жоғары температурада сол күні пайдалану ұсынылады, ең көп дегенде 2 күннің ішінде пайдаланған жөн). Теңіз өнімдері (0°C -ден төмен - 15 күннің ішінде, 0°C -ден жоғары температурада сақтау ұсынылмайды)
8	Балғын өнімдерді сақтауға арналған камера	$0 \leq +4$	Балғын шошқа еті, сиыр еті, балық, тауық еті, дайын өнімдер және т.с.с. (сол күні қолдану ұсынылады, ең көп дегенде 3 күннің ішінде пайдаланған жөн).
9	Шарап сақтауға арналған камера	$+5 \leq +20$	Қызыл, ақ, шымырлайтын шарап және т.с.с.

- Ескерту: азық-түлікті камераларға арналған ұсыныстарға немесе азық-түлікті сақтау температурасына сәйкес сақтаңыз.
- Егер тоңазыту қондырғысы ұзақ пайдаланылмаса және бос күйінде тұрса, оны өшіріп, ерітіп, жуып, кептіру қажет және оның

іші көгеріп кетпеуі үшін есігін ашық күйінде қалдырған жөн.

- Су үлестіруші аспапты тазарту (су үлестіруші аспабы бар өнімдер үшін): Егер суға арналған ыдыс 48 сағат ішінде пайдаланылмаса, оны тазартыңыз; егер су 5 күн бойы төгілмесе, су жүйесін шайып, су құбыры желісіне қосылған су жүйесін жуыңыз.
- Жабдықты жөндеу үшін қажетті қосалқы бөлшектер қолжетімді болатын минималды мерзім Комиссия Регламентіне (ЕО) 2019/2019 сәйкес қосалқы бөлшектің түрі мен тағайындалуына сәйкес 7 немесе 10 жылды құрайды.
- Қосалқы бөлшектердің тізімі және оларды тапсырысқа беру тәртібі өндірушінің, импорттаушының немесе уәкілетті өкілдің веб-сайттарында сипатталған.
- Толығырақ ақпарат ЕО Өнімдер деректерінің базасында мына сайтта орналасқан <https://eprel.ec.europa.eu>. Ақпаратты энергетикалық заттаңбасы бар QR-кодты сканерлеу арқылы немесе EPREL <https://eprel.ec.europa.eu/> іздеу жүйесінде энергетикалық заттаңбасы бар өнім үлгісін енгізу арқылы алуға болады

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ОРНАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ ШАРТТАРЫ

Осы тоңазытқыш құрылғы кіріктірілген құрылғы ретінде пайдалануға арналмаған.

Алғаш қолданар алдындағы орнату

- Бұйымды орамадан шығарып, есік пен ішіндегілерді қорғайтын жабысқақ таспаны алып тастаған жөн. Желімнің ықтимал қалдықтарын жұмсақ жуғыш құралдың көмегімен кетіруге болады.
- Пенопласттан жасалған ораманың элементтерін лақтырмаған жөн. Қайтадан тасымалдау қажеттілігі туындаған жағдайда тоңазытқыш-мұздатқышты пенопласттан жасалған ораманың элементтеріне орап, үлдірмен және скотчпен бекіту қажет.
- Тоңазытқыш пен мұздатқыштың ішкі бетін, сонымен қатар, жинақтама элементтерін ыдыс жууға арналған сұйықтықты қосу арқылы жылы сумен жуып, сосын құрғақтай сүрткен жөн.
- Тоңазытқыш-мұздатқышты тегіс, жазық және тұрақты бетке, құрғақ, желдетілетін және тікелей түсетін күннің сәулелерінен қорғалған бөлмеде, тақта, орталықтандырылған жылыту радиаторы, орталықтандырылған жылыту құбыры, ыстық судың құбыры және т.б. сияқты жылу көздерінен алыс орнатқан жөн.
- Тоңазытқыштың сыртқы беті жабылуы мүмкін қорғаныс пленкасын алып тастау қажет.
- Бұйымды алдыңғы 2 реттелетін аяқтарын сәйкесінше бұрау арқылы тік қалпында орнатқан жөн (3 сурет).
- Есіктің еркін ашылуын қамтамасыз ету үшін өнімнің бүйір қабырғасы мен бөлме қабырғасы арасындағы қашықтық (есік тұтқасы жағынан) 5* суретте берілген.
- Бөлменің желдетілуін және құрылғының барлық жағынан еркін ауа айналымын қамтамасыз ету керек (6 сурет).*

Жылу көздерінен ең аз ара қашықтығы

- электрлі, газды және басқа тақталардан – 30 мм,
- дизельді немесе қатты отынды қазандықтардан – 300 мм,
- кірістірілген үрме пештерден – 50 мм.

Егер жоғарыда сипатталған ара қашықтықты сақтауға мүмкіндік болмаса, сәйкес оқшаулағыш тақтаны қолданған жөн.

Назар:

- Тоңазытқыштың артқы қабырға-сы, әсіресе, конденсатор және салқындату жүйесінің элементтері зақымдануды тудыруы мүмкін басқа элементтермен, әсіресе орталықтандырылған жылудың құбырымен, ыстық судың құбырымен жанаспауы қажет.
- Агрегаттың бөліктерімен қандай да бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады. Компрессорда орналасқан капиллярлы түтікті бұзып алмау үшін аса назар аударған жөн. Осы түтікті ешқандай жағдайда да майыстыруға, түзеуге немесе бұрау-ға болмайды. Пайдаланушы капиллярлы түтікті бұзған жағдайда кепілдік талонымен ұсынылатын құқықтардан айырылады (5 сурет).
- Кейбір модельдерінде есіктің тұтқаларын өз бетімен орнату

керек (тасымалдау кезінде тұтқасы бөлек алынып, тоңазытқыш камераның ішіне салынады).

Электрмен қоректендіруді қосу

- Электрқорегін қосар алдында „OFF” жағдайында температураны реттегіш немесе қорек көзінен құралды ажырататын қандай да бір басқа тұтқаны орнату ұсынылады (басқару панелінің сипаттамасы бар бетті қараңыз)
- Құрылғыны жерлестірілген және 10 А сақтандырғышы бар, дұрыс орнатылған электрлі ұяшық арқылы 220-240В, 50Гц айналмалы тоқ желісіне қосқан жөн.
- Құрылғыны заңның нұсқауларына сәйкес жерлестіру талап етіледі. Міндеттердің осы нұсқауларға сәйкес орындалмауы нәтижесінде тұлғаларға немесе заттарға келтірілуі мүмкін қандай да бір зақымдануларға өндіруші жауап бермейді.
- Өтпелі ұяшықтарды, көп реттік ұяшықтарды (үлестіргіштерді), екі талшықты ұзартқыштарды пайдаланбаған жөн. Егер ұзартқышты қолдану қажеттілігі туын-даса, VDE/GS қауіпсіздік сертификаты бар, жерлестірілген істік-шесі және бір ұяшығы бар ұзартқышты ғана қолдануға болады.
- Егер ұзартқыш (жерлестірілген істікшесі, қауіпсіздік сертификаты бар) қолданыла-тын болса, онда оның ұяшығы жуу қондырғысынан қауіпсіз ара қашықтықта орналасуы және оған судың және пайдаланылған судың құйылу қауіп-қатері туындамауы қажет.
- Мәліметтерді камераның ішінде қабырға-ның төменгі жағында орналасқан ақпараттық кестеден таба аласыз**.

Қоректендіруді ажырату

Ашаны алу немесе екіүйекті ажыратқышты сөндіру арқылы қондырғыны электрлі желіден ажырату мүмкіндігін қамтамасыз еткен жөн (9 сурет).

Климатикалық жіктеме


Құрылғының климатикалық жіктемесі туралы ақпарат зауыттық ақпараттық тақтада орналасқан. Онда құрылғының қандай қоршаған температурада (яғни, жұмыс жасап тұрған бөлмеде) ең тиімді (дұрыс) жұмыс жасайтыны көрсетілген.

Климаттық класс	Қоршаған ортаның рұқсат етілген температурасы	
SN	көтеріңкі бірқалыпты	Тоңазытқыш құрылғы қоршаған орта температурасы 10 °C бастап 32 °C дейін кезінде пайдалануға арналған.
N	бірқалыпты	Тоңазытқыш құрылғы қоршаған орта температурасы 16 °C бастап 32 °C дейін кезінде пайдалануға арналған.
ST	субтропикалық	Тоңазытқыш құрылғы қоршаған орта температурасы 16 °C бастап 38 °C дейін кезінде пайдалануға арналған.
T	тропикалық	Тоңазытқыш құрылғы қоршаған орта температурасы 16 °C бастап 43 °C дейін кезінде пайдалануға арналған.

* Кіріктіретін құрылғыларға қатысты емес

** моделіне байланысты

ОРАМАСЫНАН ШЫҒАРУ



Құрылғы тасымалдау кезіндегі зақымдан қорғалған. Құрылғыны ашқаннан кейін, қорап элементтерін қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп алып тастаңыз.

Орамда пайдаланылатын барлық материалдар табиғи ортаға зиянсыз, 100% қайта өңдеуге жарамды және тиісті таңбамен белгіленген.

Абайлаңыз! Буып-түйетін материалдарды (полиэтилен қапшықтары, стиропемдер және т.с.с.) балалардан аулақ болу керек.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖОЮ/ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ




2012/19/UE Еурапалық Басшылық нұсқауына сәйкес. Осындай белгі осы құрылғыны пайдалану кезеңі аяқталғаннан кейін оны үй тұрмысынан шығарылатын басқа қалдықтармен бірге лақтыруға болмайтыны туралы ақпараттандырады. Пайдаланушы қызмет ету мерзімі біткен электрлі және электронды жабдықты жинаумен айналысатын арнайы орындарға өткізуге міндетті. Жинау орындары, сонымен қатар, жергілікті орындар мен дүкендер осындай жабдықты өткізу мүмкіндігін ұсынатын сәйкес жүйенің бөлігі болып табылады.

Қызмет ету мерзімі біткен электрлі және электронды жабдықпен сәйкес әрекет ету зиянды құрама бөлшектердің бар болуынан, сонымен қатар дұрыс жинамаудан және осындай жабдықты дұрыстап қайта өңдемеуден туындайтын, адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін зиянды салдарлардан аулақ болу мүмкіндігін береді.

БАСҚАРУ

Құрылғыны басқару

Басқару панелі 10-суретте көрсетілген, еске салу үшін ол сондай-ақ төменірек оналасқан:



Құрылғының ішіндегі температураны реттеу

Термостат Төменде көрсетілген қалыптардың бірін орнатыңыз:

OFF Соң айырды розеткадан суыру

COOLING $+5^{\circ}\text{C} \div -2^{\circ}\text{C}$

FREEZING $-2^{\circ}\text{C} \div -24^{\circ}\text{C}$

Назар аударыңыз: термостатты COOLING орнату тоңазытқыш қызметін іске қосады. Термостатта осы қалыпты орнатыңыз, содан кейін барлық мұздатылған азық-түліктерді алып тастаңыз және бір сағаттан кейін салқындату үшін жаңа азық-түліктерді салыңыз. Жаңа азық-түліктерді бір сағат ішінде салуға болмайды, себебі бұл мұздануға әкелуі мүмкін.

Ескертпе: Компрессор тек FREEZING теңшелімдерінде -15°C -ден төмен температурада жұмыс істеуге арналған.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯСЫ

Өнімдерді тоңазытқышта және мұздатқышта сақтау

- Өнімдерді тәрелкелерге, сыйымдылық-тарға салған немесе өндірістік үлдірлерге ораған жөн. Сөрелерде біркелкі етіп қойыңыз.
- Өнімдердің артқы қабырғаға жанаспай-тынына назар аударған жөн, өйткені бұл өнімдердің тоңазып немесе ылғалданып қалуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Ішіндегісі ыстық сыйымдылықты тоңазытқышқа салуға болмайы.
- Май, сүт, сүзбе сияқты бөгде иістерді оңай сіңіріп алатын өнімдерді және мысалы, балықтар, шұжықтар, ірімшік-тер сияқты қарқынды иіс шығаратын өнімдерді – үлдірлі орамаға немесе мұқият жабылған сыйымдылықтарға салып, сөрелерге орналастырған жөн.
- Құрамында көп суы бар көкөністерді сақтау көкөністерге арналған жәшік-тердің үстінде су буының жиналуына әкеліп соғады; бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс жасауына кедергі тудырмайды.
- Тоңазытқышқа көкөністерді салмас бұрын, оларды мұқият кептірген жөн.
- Ылғалдың өте көп мөлшері көкөністер-дің, әсіресе жапырақтылардың сақтау мерзімін қысқартады.
- Көкөністерді сақтау мақсатында тоңазытқышқа салмас бұрын оларды жуудың қажет жоқ. Жуу барысында табиғи қорғағыш үлдірі жойылады, сондықтан көкөністерді тікелей оларды қолдану алдында жуған жақсы.
- Тағамдарды 1, 2, 3* себеттерге табиғи шекті жүктемеге дейін салу керек (11a/ 11b сурет).**

1. Қапталған өнімдер
2. Буландырғыш сөресі / сөре
3. Табиғи жүктеме шегі
4. ❖ ❖ ❖

- Тамақтарды мұздатқыш камера буландырғышының сөре-торына салуға болады*.
- Сөрелерге тамақты олар сөре шеттерінен 20-30 мм шығып тұратындай етіп салуға болады**.
- Мұздатқыш буландырғышының сымды сөрелеріне өнімдерді салу және орналастыру үшін және оларды барынша жоғары биіктікке жинау үшін үлкенірек кеңістік алу мақсатында 1, 2 кәрзеңкені алып тастауға болады.*

Өнімдерді мұздату**

- Шикі күйінде қолданылатын, мысалы, жасыл салаттан басқа көкөністерді есеп-темегенде, барлық азық-түлік өнімдерін мұздатуға болады.
- Мұздату үшін тек бір реттік қолдануға арналған, үлестерге бөлінген, өте жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін қолданған жөн.
- Өнімдерді иісі жоқ, ауа мен ылғалдың енуіне төзімді, сонымен қатар, майларға сезімталдылығы аз материалдарға ораған жөн. Ең жақсы материалдар: пакеттер, полиэтилен үлдірі, алюминий жұқалтыр болып табылады.

- Орама тығыз болуы қажет және мұздатылған өнімдермен мұқият жанасуы қажет. Шыны орамаларды қолданбаған жөн.
- Мұздату мақсатында салынған балғын және жылы азық-түлік өнімдер (бөлме температурасындағы) әлдеқашан мұз-датылған өнімдермен жанаспауы қажет
- Балғын өнімдердің кестеде берілгеннен көбірек мөлшерін бір тәулік бойы мұз-датқышқа бір уақытта салмауға кеңес беріледі (Техникалық сипаттамалар).
- Мұздатылған өнімдердің жоғары сапасын сақтау үшін мұздатқыштың ортаңғы бөлігінде орналасқан мұзда-тылған өнімдерді әлі мұздатылмаған өнімдермен жанаспайтындай етіп орналастыруға кеңес беріледі.
- Мұздатылған үлестерді мұздатқыш камерасының бір жағына, ал жаңадан салынған үлестерді қарама-қарсы жаққа және артқы және бүйір қабырғасына мүмкіндігінше жақын орналастыруды ұсынамыз.
- Тамақтарды қатыру үшін ❄️ белгіленген кеңістікті пайдаланыңыз.
- Мұздатқыш камерасының температура-сына: қоршаған температура, азық-түлік өнімдерімен жүктеу деңгейі, есіктің ашылу жиілігі, мұздатқышты мұздату деңгейі, термостаттың баптауы сияқты факторлар әсер ететінін есте ұстаған жөн.
- Егер мұздатқыш камерасын жапқаннан кейін есіктер қайта ашылмаса, онда туындаған қысым теңгерілмейінше 1-2 минут күте тұруға кеңес береміз.

Мұздатылған өнімдердің сақтау мерізімі мұздату алдында балғын күйіндегі сапасына, сонымен қатар сақтау температурасына байланысты. -18°C немесе одан да төменірек температурада сақтау барысында келесі сақтау мерзімдері ұсынылады:

Өнімдер	Айлар
Сыыр еті	6-8
Бұзау еті	3-6
Ішек-қарын	1-2
Шошқа еті	3-6
Құс еті	6-8
Жұмыртқа	3-6
Балық	3-6
Көкөністер	10-12
Жеміс-жидектер	10-12

Жедел салқындату камерасы мұздатылған өнімдерді сақтау үшін пайдаланылмайды. Бұл камерада мұз кесектерін дайындап сақтауға болады.

Ескертпе: Егер құрылғының ❄️ камерасы болмаса, бұл Осы тоңазытқыш құрылғы тағамдық өнімдерді мұздату үшін міндетті шарттарға сәйкес келмейтінін білдіреді.

* Құрылғының төменгі бөлімінде мұздатқыш камерасы бар құралдар үшін.

** Мұздатқыш камерасы бар құрылғыларға қатысты ❄️

*** ❄️ таңбаланған мұздатқыш камерасы бар құрылғыларға қатысты емес

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

Пайдалы кеңестер

- Тоңазытқышты және мұздатқышты қыздырғыш құралдарының және үрме шкафтардың маңына, сонымен қатар, күннің тікелей сәулелері түсетін орындарға қоймаңыз.
- Құралдың желдеткіш саңылауларын жаппаңыз. Оларды үнемі уақытылы шаң-тозаңдардан тазартыңыз (жылына бір-екі рет).
- Тиісті температураны орнатыңыз: тоңа-зытқыш камерасында 6-дан 8°C-қа дейін, ал мұздатқыш камерасында - - 18°C жеткілікті.
- Үйде жоқ болған уақытта тоңазытқыш камерасында температураны жоғарылату қажет.
- Тоңазытқыш және мұздатқыш камера-ларының есіктерін қажет болмаса ашпаңыз. Тоңазытқышта қандай өнімдер және қай жерде сақталынатын білу қажет. Қолданылмаған өнімдерді тоңазытқыш немесе мұздатқыш камерасына олардың жылып кетуіне жол бермей, мүмкіндігін-ше тез салу қажет.
- Тоңазытқыш камерасының ішкі беттерін ылғал шүберекпен (жуғыш құралымен ылғалданған болуы мүмкін) жүйелі түрде сүртіп тұрыңыз. Жібiтудiң автоматты жүйесi жоқ тоңазытқышты тұрақты түрде мұзын ерiтiп тұру қажет. 10 мм-ден артық қалыңдықтағы мұздың түзілуіне жол бермеңіз.
- Есіктің тығыздағыш төсемдерін таза ұстаңыз, әйтпесе есік тығыз жабылмай-тын болады. Есіктің тығыздағыштары зақымданған жағдайда оны жаңаларымен алмастырыңыз.

Жұлдызшалар нені білдіреді?



-6°C-тан жоғары емес температура мұздатылған өнімдерді шамамен бір апта сақтау үшін жеткілікті. Бір жұлдызшамен белгіленген науалар (жәшіктер) және камералар көбінесе арзанырақ тоңазытқыштарда кездеседі.



-12°C-тан жоғары емес температура барысында өнімдердің дәмдік сапаларын жоғалтпай, оларды 1-2 апта сақтауға болады. Осындай температура өнімдерді мұздату үшін жеткіліксіз.



Әдетте, өнімдерді мұздату -18°C-тан төмен температура барысында жүргізіледі. Салмағы 1 кг-ға дейінгі балғын өнімдерді мұздатуға мүмкіндік береді.



Осындай түрмен белгіленген құрал-дар өнімдердің көп мөлшерін мұздатуға және -18°C-тан төмен температура барысында оларды ұзақ уақытқа сақтауға мүмкіндік береді.

Практикалық кеңестер

Тоңазытқыш камерадағы ауаның табиғи циркуляциясы камераның түрлі аймақтарында түрлі температуралық режимді туғызады.

- Ең салқын аймақ көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған науалардың (жәшіктердің) тура үстінде орналасқан Осы аймақта:
 - балық, ет, құс еті
 - шұжық өнімдері, дайын өнімдер
 - құрамында қаймағы немесе жұмыртқасы бар тағамдар және нан-тоқаш өнімдері,
 - сияқты тез бұзылатын және нәзік өнімдерді сақтау ұсынылады.
 - жаңа пісірілген нан, пирожный сияқты өнімдердің затбелгісінде шамамен 4°C температура барысында сақтау керек екендігі жазылған, оралған көкөністер, жемістер және басқа балғын өнімдер
- Ең жылы орын есіктің жоғарғы бөлігі. Осы жерде май мен ірімшікті сақтаған жөн.

Тоңазытқышта сақтаудың қажеті жоқ өнімдер

- Тоңазытқышта сақтау үшін барлық өнімдер жарамайды. Осындай өнімдерге:
 - банан, авокадо, папая, маракуя, баялдылар, қызыл бұрыш, қызанақ және қияр сияқты төмен температураға сезімтал жемістер мен көкөністер
 - піспеген жемістер, картоп, пармезан сияқты кейбір қатты ірімшіктер жатады.

Назар:

Тоңазытқышқа азық-түлік өнімдерін салу үлгісі (12-сурет).

Барынша ұзақ уақыт ішінде өнімдерді ең үздік консервациялау деңгейіне қол жеткізу және олардың бұзылуының алдын алу үшін өнімдерді 12-сур. көрсетілгендей орналастыру қажет. Осыған қоса, суретте суыrmалы жәшіктердің, себеттер мен сөрелердің орналасуы көрсетілген, сол арқылы тоңазытқыш құрылғы электр энергияны аса тиімді жұмсайды.

Өнімдерді тиісті жағдайларда және температурада сақтау олардың тұтыну жарамдылығының мерзімін ұзартады және электр энергиясының шығынын үнемдейді. Тиісті температуралар ауқымы қаптамада немесе тағамдық өнімдердің затбелгісінде көрсетілуі тиіс.

МҰЗЫН ЕРІТУ, ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кір жуғыш машинаның корпусы мен пластик бөлшектерін тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазарту құралдарын (мысалы, тазарту ұнтақтары және сүтшелер) пайдалануға тыйым салынады! Тек шетін жуғыш құралдар мен жұмсақ шүберекті ғана пайдаланыңыз. Губкалар пайдаланбаңыз.

Тоңазытқыштың мұзын еріту***

- Тоңазытқыштың артқы қабырғасында автоматты түрде еріп кететін мұздақтар пайда болады. Мұздақтарды еріту барысында конденсатпен бірге науашаға бөгде бөлшектер де түсіп кетуі мүмкін. Бұл науа саңылауының бітелуіне әкеледі. Осындай жағдайда саңылауды итергішпен абайлап тазалау керек (13 сур.).
- Құрылғы айналымды түрде жұмыс істейді: салқиндатады (артқы қабырғасына қырау түседі), сосын жібітіледі (тамшылар артқы қабырға бойымен тамшылайды).
- Тазалауды бастамас бұрын ашаны желілік ұяшықтан суыру, сақтандырғышты сөндіру немесе бұрау арқылы құрылғыны қоректендіру көзінен міндетті түрде ажыратыңыз. Басқару панеліне немесе жарықтандыру элементтеріне судың тиюіне жол бермеу керек.
- Аэрозольдегі жібіту құралдарын қолдануға кеңес бермейміз. Олар жарылу қаупі бар қоспалардың түзілуіне әкеп соғуы мүмкін, құрамында құрылғының пластмасса бөліктерін зақымдауы және, тіпті, денсаулық үшін зиянды ертінділер де болуы мүмкін.
- Жуу үшін қолданылып жатқан су ағатын саңылау арқылы булану контейнеріне ақпауына мүмкіндігінше назар аударған жөн.
- Есіктердің төсемдерінен басқа барлық құрылғыларды жұмсақ детергентпен жуған жөн. Есіктердегі төсемдерді таза сумен жуып, кептіріп сүрткен жөн.
- Жиһнақтаманың барлық элементтерін (көкөністердің сыйымдылықтары, жәшік-шелер, шыны сөрелер және т.б.) мұқият жуу қажет.

Мұздатқыштың мұзын еріту**

- Мұздатқыш камерасының мұзын құрылғыны толығымен тазалау кезінде еріткен жөн.
- Егер мұздату бітінде көп мөлшерде мұз жиналса, онда бұл құрылғының жұмыс істеу қабілетін ауырлатады және электр қуатын көп пайдалануының себебі болып табылады.
- Құрылғының мұзын кем дегенде жылына бір немесе екі рет ерітіп отыруға кеңес береміз.
- Егер ішінде азық-түлік болса, мұздатқышты ағытар алдында шамамен 4 сағат бұрын реттегішті тах жағдайына орнату керек. Қоршаған орта температурасында ұзақ мерзім бойына азық-түлікті сақтауға мүмкіндік береді.
- Азық-түлікті мұздатқыштан алғаннан кейін тегешке салып, газет қағаздарымен бірнеше рет қаптап, көрпеге орап, суық жерде сақтау қажет.
- Мұздатқыштың мұзын еріту тезірек жасалу қажет. Қоршаған орта температурасында ұзақ мерзім бойына азық-түлікті сақтау оның жарамдылық мерзімін қысқартады.

Мұздатқыш камерасын еріту үшін **

- Құрылғыны басқару тақтасының көмегімен сөндіріңіз, одан соң айырды розеткадан суырыңыз.
- Есігін ашып, тағамдарды шығарыңыз.
- Үлгіге тәуелді мұздату камерасының төменгі бөлігінде орналасқан ағызатын арнаны жылжытыңыз және шыны сауыт қойыңыз.
- Есікті ашық қалпында қалдырыңыз, бұл еруудерісін жылдамдатады. Бұдан басқа сіз мұздату камерасына ыстық су (қайнап тұрған емес) құйылған ыдыс салып қоя аласыз.
- Мұздатқыштың ішкі бөлігін жуып құрғатыңыз.
- Құрылғыны нұсқаулықтың сәйкес тармағына сай іске қосыңыз.

Тоңазытқыштың мұзын автоматты түрде еріту****

Тоңазытқыштың камерасы мұзды автоматты еріту функциясымен жабдықталған. Деген-мен, тоңазытқыш камерасының артқы қабырғасында қырау пайда болуы мүмкін. Әдетте, бұл тоңазытқыштың камерасында балғын азық-түлік өнімдерінің көп мөлшері сақталған кезде орын алады.

Мұздатқыштың мұзын автоматты түрде еріту****

Мұздатқыш камерасы мұзды автоматты еріту функциясымен (no-frost) жабдықталған. Азық-түлік өнімдері салқындалатын айнал-малы ауамен мұздатылады, ал мұздатқыш камерасындағы ылғалдылық сыртқа шыға-рылады. Нәтижесінде мұздатқышта артық мұздану және қыраулану туындамайды, ал өнімдер бір-біріне жабысып қалмайды.

Тоңазытқыш пен мұздатқышты қолмен жуу****

Тоңазытқыштың және мұздатқыштың камерасын ең кем дегенде жылына бір рет жуу ұсынылады. Бұл бактериялардың, сондай-ақ жағымсыз иістердің пайда болуының алдын алады. Барлық құрылғыларды (1) батырма-сымен ажыратып, камерадан өнімдерді алу және жұмсақ детергент қосылған судың

Сөрелерін жылжыту және салу *****

Сөресін жылжытып, одан әрі сөресінің бекіткіштері бағыттағышқа түсетіндей етіп тірелгенге дейін салу (15 сурет).

Балконшасын жылжыту және салу *****

Балконшасын көтеріп, суырып алу және оны керекті жағдайда жоғары-төмен қозғалта отырып қайтадан салу (16-сурет).

Тазалауды бастамас бұрын ашаны желілік ұяшықтан суыру, сақтандырғышты сөндіру немесе бұрау арқылы құрылғыны қоректендіру көзінен міндетті түрде ажыратыңыз. Басқару панеліне немесе жарықтандыру элементтеріне судың тиюіне жол бермеу керек.

** Мұздатқыш камерасы бар құрылғыларға қатысты **☒**.

*** Тоңазыту камерасы бар құрылғыларға қатысты

**** "No frost" жүйесі бар құрылғыларға қатысты емес

***** "No frost" жүйесі бар құрылғыларға қатысты

***** Бұл мұздатқыш ларьларға қатысты емес

АҚАУЛАРДЫ ТАБУ

Белгілері	Мүмкін себептер	Қиыншылықты жою әдісі
Құрылғы жұмыс жасамайды	Электр жүйесінің контурындағы үзік	<p>- ашаның электрмен қоректендіру ұяшығына дұрыс салынғанын тексеріңіз</p> <p>- орнатымның электр сымның зақымданбағанын тексеріңіз</p> <p>- басқа құрылғыны, мысалы үстел шамын қосу арқылы розеткада кернеудің бар-жоқтығын тексеріңіз</p> <p>- құрылғының 0-ден жоғары жағдайында термостатты баптау жолымен қосылғанын тексеріңіз</p>
Камера ішіндегі жарықтандыру жұмыс істемейді	Кішкентай шамдары бұрап алынды немесе жанып кетті (қыздыратын кішкентай шамдары бар модельдеріндегі).	<p>- алдыңғы «Аспап жұмыс істемейді» тарауын қараңыз</p> <p>- кішкентай шамын бұраңыз немесе жанып кеткенін ауыстырыңыз (қыздыратын кішкентай шамдары бар модельдеріндегі).</p>
Құрылғының үздіксіз жұмыс жасауы	Реттегіш жағдайы дұрыс орнатылмаған	<p>- реттегішті төменірек мәнге қайта орнатыңыз</p>
Құрылғының үздіксіз жұмыс жасауы	«Құрылғы өте әлсіз салқындатады және/ немесе мұздатады» тармағындағы сияқты басқа себептер	<p>- алдындағы «Құрылғы өте әлсіз салқындатады және/ немесе мұздатады» тармағына сәйкестігін тексеріңіз</p>
Тоңазытқыштың астыңғы бөлігінде су жиналады	Су ағызатын науаның бітеліп қалуы (конденсатты бұрып жіберуге арналған тесігі мен су ағызатын науасы бар модельдеріне қатысты)	<p>- ағатын саңылауды тазалаңыз (Қызмет көрсетудің нұсқаулығындағы «Тоңазытқыштың мұзын жібіту» тарауын қараңыз)</p>
Тоңазытқыштың астыңғы бөлігінде су жиналады	Құрылғы ішінде қиын ауа айналымы	<p>- азық-түлік өнімдерін және сыйымдылықтарды тоңазытқыштың артқы қабырғасына тимейтіндей етіп орналастырыңыз</p>
Құрылғының қалыптан тыс жұмыс жасауынан пайда болатын дыбыстар	Құрылғы дұрыс орнатылмаған Құрылғы жиһазға және/ немесе басқа заттарға тиіп тұр	<p>- тік орнатыңыз</p> <p>- құрылғыны басқа заттарға тимейтіндей етіп орналастырыңыз</p>

Белгілері	Мүмкін себептер	Қиыншылықты жою әдісі
Құрылғы өте әлсіз салқындатады және/ немесе мұздатады	Реттегіш жағдайы дұрыс орнатылмаған	- реттегішті жоғарырақ мәнге қайта орнатыңыз
	Қоршаған орта температурасы аспаптың техникалық ерекшелігі кестесінде көрсетілген температурадан жоғары немесе төмен.	- аспап аспаптың техникалық ерекшелігі кестесінде көрсетілген қоршаған орта температурасында жұмыс істеуге арналған.
	Құрылғы күннің тікелей сәулелерінің тұрақты әсерінде немесе жылу көздеріне жақын орналасқан	- осы қызмет көрсету нұсқаулығына сәйкес орнату орнын өзгертіңіз
	Жылы өнімдердің көп мөлшерін салу	- өнімдер салқындағанша (мұздағанша) және камераның іші қажет температураға жеткенше 72 сағатқа дейін күту қажет
	Құрылғының ішінде қиын ауа айналымы	- азық-түлік өнімдерін және сыйымдылықтарды тоңазытқыштың артқы қабырғасына тимейтіндей етіп орналастырыңыз
	Құрылғының артында қиын ауа айналымы	- құрылғыны қабырғадан 30 мм қашықтықта жылжытыңыз
	Мұздататын элементтерде қыраудың өте көп мөлшері жиналып қалды	- мұздатқыштың камерасындағы мұзды жібітіңіз
	Тоңазытқыштың/ мұздатқыштың есіктері өте жиі ашылады және/ немесе ұзақ уақыт ашық болды	- есіктердің ашылу жиілігін азайтыңыз және/ немесе есік ашық қалған аралықтағы уақытты қысқартыңыз
	Есіктер жабылмайды	- өнімдер мен сыйымдылықтарды есіктің жабылуына кедергі жасамайтындай етіп салыңыз
	Компрессор тым сирек қосылып тұр	- қоршаған орта температурасы көзделген климаттық кластан төмен емес екенінен көз жеткізіңіз
Есіктердегі төсем нашар салынған	- төсемді мұқият қысыңыз	

Пайдалану барысында тоңазытқыш-мұздатқыштың жұмысында пайдаланушы өз бетінше жоя алатын мардымсыз бұзылулар пайда болуы мүмкін (жоғарыда берілген кестені қараңыз).

Жоғарыда берілген кестеге сәйкес келмейтін өз бетінше орындалған жөнделулер барысында кепілдік талонының күші жойылады.

КЕПІЛДІК, САТҚАННАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кепілдік

Кепілдік қызмет көрсету ережесі кепілдік талонында баяндалған. Өндіруші кір жуғыш машинасын тиісті түрде қолданбау нәтижесінде келтірілген қандай да бір залал үшін жауапкершілік тартпайды.

Сервис

- Жабдықты өндіруші барлық жөндеу және реттеу жұмыстарын өндірушінің зауыттық сервистік қызметінің немесе авторластырылған сервистік қызметінің орындауына кеңес береді. Қауіпсіздік ережелерін негізге ала отырып, құрылғыны өз бетінше жөндеуге болмайды.
- Құрылғыны қажетті біліктілігі жоқ тұлғалардың жөндеуі пайдаланушы үшін маңызды қауіп төндіруі мүмкін.
- Өндіруші, импорттаушы немесе уәкілетті өкілдің құрылғыға беретін ең аз кепілдік мерзімі кепілдік талонында көрсетілген.
- Құрылғы өз бетінше бейімдеу, өзгерістер енгізу, пломбаларды немесе басқа да жабдықтарды немесе оның бөліктерін қорғау шараларын бұзу, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес келмейтін жабдыққа өз бетінше араласу нәтижесінде өз кепілдігін жоғалтады.

Ақауланған жағдайда жөндеуге және көмекке өтінім білдіру

Егер құрылғыны жөндеу қажет болса, сервистік орталыққа жүгініңіз. Сервистік орталықтың мекенжайы және байланыс телефоны кепілдік талонда көрсетілген. Қолданудың алдында құрылғының сериялық нөмірін дайындау қажет, ол зауыттық тақтайшада көрсетілген. Ыңғайлы болу үшін оны төменде жазыңыз:


--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Өндірушінің мәлімдемесі


Осымен өндіруші тұрмыстық аспабының төмендегі көрсетілген негізгі талаптар мен басшылықтарына сәйкес келеді деп куәландырады;

- төменвольтті жабдықтар директивасы 2014/35/ЕС,
- электромагниттік үйлесімділік директивасы 2014/30/ЕС,
- қоршаған ортаны жобалау директивасы 2009/125/ЕС,
- „төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі үшін” талап TP TC 004/2011,
- „техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі” талап TP TC 020/2011


Аспап **EAC** сәйкестікті белгісімен таңбаланады, және оған нарықты бақылау мекемелерге ұсынылатын сәйкестік сертификаты беріледі.




2





3




5




8




9




10



12



①



②



③










④

20

OK!



BRRRR!
HSSSSS!
SRRRR!
CLICK!
CRACK!
BLUBBI!



Компания изготовитель

Амика С.А., Польша, 64-510 Вронки, ул. Мицкевича, 52
Тел. +48 67 25 46100, факс +48 67 25 40 320

Amica S.A., ul. Mickiewicza 52, 64-510 Wronki
tel. 67 25 46 100, fax 67 25 40 320

Сделано в Китае



**Претензии по качеству
направлять в / Импортер на территорию РФ**
ООО «Ханса», 121609, Россия, г. Москва, ул. Осенняя, д. 11
Тел. 8 (800) 700-36-61